

Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 2013 жылғы 31 шілдедегі № 240-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қыркүйекте № 8723 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2) тармақшасына және 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Темір жол көлігі, азаматтық авиация және порттар саласындағы реттеу департаменті (Г.Қ. Ыбыраева):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне (С.С. Метенова) ұсынсын;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің және "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның міндетін атқарушы

А. Дүйсебаев

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін атқарушы

_____ С. Сарсенов

2013 жылғы 2 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Статистика агенттігінің төрағасы

_____ А. Смайылов

2013 жылғы 20 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрінің міндетін атқарушы

_____ М. Құсайынов

2013 жылғы 9 тамыз

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды
реттеу агенттігі төрағасының
міндетін атқарушының
2013 жылғы 31 шілдедегі
№ 240-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген

активтердің бөлек есебін жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар және нарықтарды реттеу туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалардың негізгі мақсаты уәкілетті орган бекітетін экономикалық негізделген тарифтерді белгілеу үшін аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша субъектілердің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу тәртібін және қағидағтарын анықтау болып табылады.

3. Табиғи монополиялар субъектілері табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) тарифтерін бекітетін реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерінің түрлері бойынша (бұдан әрі – реттеліп көрсетілетін қызметтер) кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүзеге асырады.

4. Мәліметтерді уәкілетті органға ұсынумен бірге бөлек есебін жүргізу реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және негізгі қызметке технологиялық байланысты және (немесе) табиғи монополиялар саласына жатқызылған тұтастай өзге қызмет бойынша кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы жеке ақпарат жинау мен қорыту, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асыру жүйесін білдіреді.

5. Бөлек есептің негізгі қағидағтары:

1) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде өндірістік процестер мен қызметтер түрлерінің тиісті топтарына тікелей жатқызудың мүмкіндігі кезінде тікелей жатқызу басымдығы;

2) кірістердің, шығындардың және қолданысқа енгізілген активтердің өздері байланысты өндірістік процестер мен қызметтер түрлерінің сол топтарына себеп-салдарлық байланысы;

3) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді өндірістік процестер мен реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлерінің тиісті топтарына жатқызудың және бөлудің ашықтығы.

6. Бөлек есеп осы Қағидаларға сәйкес кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді өндірістік процестер мен қызметтер түрлерінің топтары

бойынша бөлуге қажетті нақтылау деңгейін қамтамасыз етуге бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүргізу үшін пайдаланылатын бастапқы құжаттарға негізделуі тиіс. Осы Қағидалар аэронавигация қызметтерін көрсететін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің белгіленген белгілеген қаржылық және салықтық есептер ұсыну тәртібі мен нысанын өзгертпейді.

7. Бөлек есебін жүргізу мақсатында Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) басқарушылық процестер - нәтижесі барлық қалған өндірістік процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру болып табылатын өндірісті басқару процестері;

2) бөлу базасы - шығындар мен активтердің қолданысқа енгізілген дәрежесін қызметтер түрлеріне бөлу үшін пайдаланылатын сандық немесе пайыздық көрсеткіш (көрсеткіштер);

3) бірлескен активтер - бірнеше қызметтер (қызметтер топтарын) ұсыну үшін пайдаланылатын қолданысқа енгізілген активтер, бірақ осы қызметтермен қандай болса да белгіленген себеп-салдарлық байланысы жоқ, алайда олардың қызметтер ұсынуда қолданысқа енгізілу дәрежесі уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде анықталуы мүмкін;

4) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын шығындар, бірақ мұның қызмет көрсетулермен қандай болса да нақты себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан да уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде бөлінеді;

5) жалпы активтер - қызметтердің барлық түрлерін ұсынуға байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай болса да белгіленген себеп-салдарлық байланысы жоқ активтер, сондықтан да олардың қызметтер ұсынуда қолданысқа енгізілген дәрежесі уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде анықталуы мүмкін;

6) жалпы шығындар - қызметтердің барлық түрлерін ұсынуға байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай болса да белгіленген себеп-салдарлық байланысы жоқ шығындар, сондықтан да уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде бөлінеді;

7) көмекші процестер - нәтижелері негізгі өндірістік және басқарушылық процестерді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылатын өндірістік процестер;

8) қызметтерге арналған жанама шығындар - бір мезгілде бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себеп-салдарлық байланысы бар шығындар,

сондықтан олар белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жата алмайды, бірақ шығындардың пайда болу себептерін көрсететін бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін;

9) қызметтерге жанама қолданысқа енгізілген активтер - бір мезгілде бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себеп-салдарлық байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан олар белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жата алмайды, бірақ белгіленген қызметтер көрсетуде олардың қолданысқа енгізілген дәрежесі осы себеп-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу базасының негізінде анықталады;

10) қызметтерге тікелей қолданысқа енгізілген активтер - белгілі бір қызмет ұсынуға тікелей себеп-салдарлық байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан да белгіленген қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін;

11) қызметтерге тікелей шығындар - белгілі бір қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан белгіленген қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін;

12) негізгі өндірістік процестер - нәтижесі қызмет көрсету болып табылатын өндірістік процестер;

13) өндірістік процестер топтары (бұдан әрі - ӨПТ) - қызметтер көрсетуге жеке де, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасап отырып та қатысатын қызметтер көрсетудің белгілі бір өндірістік процестерінің жиынтығы;

14) өндірістік процестер топтарының элементтеріне жанама қолданысқа енгізілген активтер - бір мезгілде бірнеше ӨПТ элементтерімен себеп-салдарлық байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан да олар ӨПТ-ның белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жата алмайды, бірақ олардың қолданысқа енгізілу дәрежесі осы себеп-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу базасының негізінде анықталады;

15) өндірістік процестер топтарының элементтеріне жанама шығындар - бір мезгілде бірнеше ӨПТ элементтерімен себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан топтың белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жата алмайды, бірақ шығындардың пайда болу себепін көрсететін бөлу базасының негізінде ӨПТ элементтері бойынша бөлінеді;

16) өндірістік процестер - түпкілікті қызметтер көрсету мақсатында ресурстарын пайдаланып аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіндегі белгіленген іс-қимылдардың бірізділігі. Ол негізгі өндірістік, көмекші және басқарушылық процестерді қамтиды;

17) өндірістік процестер топтарының элементтері (бұдан әрі - ӨПТ элементтері) - аэронавигациялық қызметтер көрсеткен кезде пайдаланылатын, олардың құны мен олармен байланысты шығындарды аэронавигация

қызметтерінің түрлеріне бөлу үшін өндірістік процестердің топтары бойынша біріктірілген персонал мен негізгі құралдар топтары;

18) ӨПТ элементтері бойынша тікелей қолданысқа енгізілген активтер - ӨПТ белгілі бір элементтерімен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан ӨПТ-ның белгіленген элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін;

19) ӨПТ элементтеріне тікелей шығындар - ӨПТ белгілі бір элементімен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан ӨПТ-ның белгіленген элементіне тікелей және бір жақты жатқызылуы мүмкін;

20) ресурстар - табиғи (шикізаттық, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), күрделі (нақты капитал - негізгі құралдар), айналымдағы құралдары (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржылық (ақша капиталы) ресурстарға бөлінетін, өндірістік-шаруашылық қызметінде пайдаланылатын көздердің, құралдардың жиынтығы;

21) себеп-салдарлық байланыс негізінде бөлу – реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді белгілі бір қызметтермен шығындардың, кірістердің және қолданысқа енгізілген активтердің байланысын, пайда болу себептерін алдын ала зерттеу негізінде бөлу;

22) сыртқы қызметтер - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің сыртқы пайдаланушыларға ұсынатын қызметтер;

23) сыртқы пайдаланушылар - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері қызметтерін тұтынушылар болып табылатын заңды және жеке тұлғалар;

24) трансферттік такса - көрсетілген ішкі қызметтер бірлігіне мағыналардың құндық көрінісі;

25) трансферттік төлемдер - көрсетілген ішкі қызметтер көлемінің құндық тұлғалануы;

26) қолданысқа енгізілген активтер - аэронавигация қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтері;

27) ішкі қызметтер - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектісінің өндірістік процестерінің бір тобының өндірістік процестерінің екінші тобына ұсынылатын қызметтер болып табылатын сыртқы қызметтер ұсынудың шартты түрде бөлінетін кезеңдері;

28) экономикалық негізделген шығындар - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық қызметін, қолданысқа енгізілген активтерге салынған қолданысқа енгізілген капиталы және қолданысқа енгізілген активтерді үдемелі өндіруге амортизациялық

аударымдары бойынша аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектінің өтемдерін қамтамасыз етуге байланысты шығындары.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

8. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша шығындарды бөлу және қолданысқа енгізілген активтерді анықтау үшін аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері өндірістік процестер топтары бойынша топтастырылады. Шығындарды бөлу және қолданысқа енгізілген активтерді анықтау аэронавигация қызметтерін ұсынудың барлық кезеңдерін бірізділіктен бөлу негізінде жүргізіледі. Шығындарды бөлу ӨПТ элементтерін ұстау мен қызмет көрсету процестерін және аэронавигациялық қызметтерді сыртқы пайдаланушыларға сату процестеріне байланысты шығындарды өзге қызметтер ұсынудан бөліп алу жолымен жүргізіледі. Активтердің қолданысқа енгізілген дәрежесін анықтау ӨПТ-ның тиісті элементтерімен және аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерін өткізу процестерімен байланысты қолданысқа енгізілген активтерді бөлу және өзге де қызметпен байланысты активтерді бөлу жолымен жүргізіледі.

Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің бөлек есепті жүргізуі мақсатында өндірістік процестердің мынадай топтары бөлінеді:

- 1) әуе қозғалысын жоспарлау және басқару;
- 2) өзге қызмет.

Бөлек есеп мақсатында өндірістік процестердің топтары бойынша топтастырылған кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша бөлінеді.

2. Кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу тәртібі

9. Субъектілердің бөлек есепті жүргізуі Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес қабылданған бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаттарына негізделеді. Бөлек есеп мақсаттары үшін ҚЕХС түсіндіруі кезінде ақпараттың бастапқы және неғұрлым шынайы көзі Қаржылық есептілікті түсіндіру жөніндегі халықаралық комитеттің түсіндірмесі (IFRIC), бухгалтерлік есеп және аудит мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сараптама Кеңесінің ұсынымдары болып табылады.

10. Бөлек есеп жүргізу кезінде субъектілер мынадай талаптарды орындауға тиіс:

1) аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жатқызылған барлық өндірістік көрсеткіштер, кірістер мен шығыстар тиісті есептік құжаттармен расталуға тиіс;

2) жазбалар олардың шолуын, аудитін және өзара бақылайтын құжаттар деректерінің салыстыруын жеңілдететін нысанда ұйымдастырылуға тиіс;

3) егер бухгалтерлік және статистикалық есептік құжаттарда ақпарат толық мөлшерде ұсынылмаған болса, онда ол ақпаратты толықтыратын құжаттарға тоғыспалы сілтемелермен бекітілуге тиіс.

11. Қызметтердің заттай өндірістік көрсеткіштерінің, көлемдік заттай көрсеткіштерінің бөлек есебі мен есебі және заттай көрсеткіштердің бірліктеріне үлестік шығыстар мен кірістердің калькуляциясын жүргізу және заңнамада көзделген өзге мақсаттар үшін осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылатын бухгалтерлік, статистикалық (өндірістік) және өзге де есептіліктің құжаттары, статистикалық деректер, жұмыс құжаттары мен есептер бес жыл бойы сақталады.

12. Осы Қағидаларда белгіленген аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша кірістер, шығыстар мен қолданысқа енгізілген активтер бойынша бөлек есебін жүргізу туралы мәліметтер (бұдан әрі – Мәлімет) ол 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса күнтізбелік бір жылға тең кезеңге жасайды.

13. Субъектілер уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің сыртқы қызметтерге кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу туралы мәліметтер, осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің өндірістік процестердің топтары бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу туралы мәліметтер және ҚЕХС-қа сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептілікті ұсынады.

14. Бөлек есептің негізгі қағидаттары:

1) ұсынылған ақпараттан түскен пайданың және оны алуға арналған шығындардың арасындағы теңгерім;

2) есептіліктің негізгі мақсатын орындау үшін сапалы сипаттамалар арасындағы теңгерім.

15. Бөлек есеп кезінде шығындарды бөлу өлшемдері:

1) себеп-салдарлық байланысы;

2) әділеттілік болып табылады.

16. Қолданысқа енгізілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтер, кірістер мен шығындар аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері және өзге қызмет бойынша ескеріледі.

17. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) өзіндік құнына Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 нөмірмен тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне сәйкес ескерілмейтін шығындарды қоспағанда, шығындар енгізіледі.

18. Кірістерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөлу осы Қағидаларда белгіленген бөлек есептің негізгі қағидаттары ескеріле отырып жүргізіледі. Реттеліп көрсетілетін қызметтер мен реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің әрбір түрін көрсетуден түскен кірістер тиісті қызметтер түрлерінің көлеміне және сыртқы пайдаланушыларға қызметтердің аталған түрлері көрсетілген бағаларға (тарифтерге) сүйене отырып анықталады.

19. Қызметтерден түскен кірістер реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бастапқы құжаттардың деректері негізінде тікелей жатқызылады.

20. Аэронавигациялық қызметтердің әрбір түрін сыртқы пайдаланушыларға ұсыну жөніндегі шығындар қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және сатуға байланысты "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның шығындарынан жинақталады.

21. Қызметтердің, аэронавигациялық қызметтен басқа, реттелмейтін түрлерін ұсыну жөніндегі шығындар қызметтердің тиісті түрлерін, "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ы көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қоса, көрсету мен сатуға байланысты "Өзге қызмет" ӨПТ-ның шығындарынан жинақталады. Трансферттік төлемдер, егер реттеліп көрсетілмейтін қызметтерді ұсыну кезінде ішкі қызметтер көрсетілген болса ескеріледі.

22. "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ы көрсететін аэронавигацияның реттеліп және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерінің әрбір түрі бойынша қолданысқа енгізілген активтерге қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және сатуға байланысты қолданысқа енгізілген активтер жатады.

23. "Өзге қызмет" ӨПТ көрсететін аэронавигацияның реттеліп көрсетілмейтін қызметтері бойынша қолданысқа енгізілген активтерге реттеліп көрсетілмейтін

қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және өткізуге байланысты осы ӨПТ-ның қолданысқа енгізілген активтері, сондай-ақ реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің көрсетілген түрлерін ұсынуға қажетті "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ көрсеткен ішкі қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер жатады. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер, егер реттеліп көрсетілмейтін қызметтерді ұсынған кезде ішкі қызметтер пайдаланылатын жағдайда есептеледі.

3. Өндірістік процестер топтары бойынша кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер

24. "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" өндірістік процестер тобы мынадай өндірістік процестерді қамтиды:

әуе қозғалысын жоспарлау және басқару;

аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету (аэронавигациялық (бұдан әрі - AIP) ақпарат жинақтарын, пилоттарға арналған (бұдан әрі - NOTAM) хабарларды , аэронавигациялық (бұдан әрі - AIP) ақпарат нұсқауларын әзірлеу және ұшар алдында ақпарат бюллетеньдерін ұсыну);

авариялық хабарландыру;

әуе қозғалысына консультативтік қызмет көрсету;

аудандық диспетчерлік қызмет көрсету;

ұшып келуге диспетчерлік қызмет көрсету;

әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету;

радиолокациялық жүйелер мен навигациялық жүйелерді құру және пайдалану

;

әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін құру және пайдалану;

телефон желілерін, радиобайланыс желілерін, авиациялық тіркелген электрбайланыс (бұдан әрі - AFTN) желілерімен қызмет көрсету, оларды ұстау, жоспарлау және дамыту;

электрмен қоректендірілетін резервтік көздерді ұстау;

қызметтерді тұтынушылармен жұмыс (шарттарды ресімдеу мен жасасу, шоттар мен өзара есеп айырысуды ұсыну).

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ сыртқы және ішкі қызметтерді көрсетеді.

Сыртқы қызметтер қызметтерді сыртқы пайдаланушыларға көрсетіледі. Ішкі қызметтер "Өзге қызмет" өндірістік процестері тобына көрсетіледі.

Сыртқы қызметтерге аэронавигацияның мынадай:

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсету;

әуеайлақтар маңайында аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтері жатады.

Сыртқы қызметтер аэронавигациялық реттеліп және реттеліп көрсетілмейтін қызметтері болып бөлінеді. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілмейтін қызметтеріне Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы Қазақстан Республикасының аумағына қонуды жүзеге асырмастан және қонуды жүзеге асыра отырып, коммерциялық емес мақсатта халықаралық әуе тасымалын іске асыратын шетелдік авиакомпанияларға әуе кеңістігінде және әуеайлақтар маңында аэронавигациялық қызметтер жатады.

Ішкі қызметтерге сыртқы пайдаланушыларға оларды одан әрі сату мақсатында көрсетілетін мынадай қызметтер жатады:

телефон, радио және электр байланыс;

резервтік электрмен қоректендіру көздері өндірген электр энергиясымен қамтамасыз ету;

үй-жайларды, жабдықтар мен басқа да мүліктерді одан әрі жалға беру мақсатында оларды ұстау және оларға қызмет көрсету;

регламенттен тыс жұмыс істеу кезінде аэронавигациялық қызмет көрсету.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның кірістері сыртқы қызметтер көрсеткені үшін түскен кірістерден және "Өзге қызмет" ӨПТ көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады. Сыртқы қызметтер көрсеткені үшін түскен кірістер жоғарыда аталған қызметтердің көрсетілуі бойынша тиісті қызметтер мен бағалардың көлеміне қарай айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер осындай қызметтердің көрсетілуі бойынша көрсетілген қызметтер мен трансферттік такса көлеміне қарай айқындалады.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның шығындары осы ӨПТ өндірістік процестерін орындауды қамтамасыз етуге байланысты шығындардан жинақталады.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның қолданысқа енгізілген активтеріне осы ӨПТ-ның элементтері (машиналар, жабдықтар, үй-жайлар, ғимараттар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар, сондай-ақ ӨПТ-ның тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

25. "Өзге қызмет" өндірістік процестер тобы:

аэронавигациялық ақпарат құжаттарын (AIP, түзетулер, бағыттық карталар және т.б.) бөгде ұйымдарға коммерциялық сату;

телефон, радио және электр байланысы қызметтерін, сондай-ақ резервтік электрмен қоректендіру көздері өндірген электр энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтермен сыртқы пайдаланушыларды коммерциялық қамтамасыз ету және оларға сату;

қызметтердің өзге де түрлерімен коммерциялық қамтамасыз ету және сату қызметтерін көрсету өндірістік процестерін қамтиды.

Осы ӨПТ сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Сыртқы қызметтерге:

аэронавигациялық ақпарат құжаттарын (AIP, түзетулер, бағыттық карталар және т.б.) бөгде ұйымдарға коммерциялық сату;

телекоммуникациялар қызметтері;

коммерциялық радиохабарлар түріндегі радиобайланыс, жоғары жиілікті байланыс арналарын беру қызметтері;

желіге кіру нүктелерін беру, алыстан қол жеткізу пультты қосу және қызмет көрсету бойынша, телеграфтық индексті иелену, коммерциялық жеделхаттар жіберу бойынша телеграфтық байланыс қызметтері;

коммуналдық қызметтер, электр энергиясы, электр желілерін пайдалану, резервтік электрмен қоректендіру көздерін пайдалану;

негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорларды сату;

күзет қызметтері;

үй-жайлар, жабдықтар мен басқа да мүліктерді жалға беру, оларды ұстау және оларға қызмет көрсету;

өзге де қызметтер жатады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның кірістері жоғарыда аталған қызметтердің көрсетілуі бойынша тиісті қызметтер мен бағалардың көлеміне қарай айқындалатын сыртқы қызметтер көрсетуден түскен кірістерден жинақталады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның шығындары осы ӨПТ-ның өндірістік процестерін қамтамасыз етуге байланысты шығындардан және "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның қолданысқа енгізілген активтеріне осы ӨПТ-ның элементтері (машиналар, жабдықтар, үй-жайлар, ғимараттар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар, сондай-ақ ӨПТ-ның тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

26. Осы Қағидалардың 24, 25-тармақтарында көзделмеген қызметтерді көрсету кезінде, оларды ішкі және сыртқы қызметтерге жатқызуды осы Қағидалардың 7-тармағының 2) және 4) тармақшаларында белгіленген ұғымдар негізінде аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілер дербес жүргізеді.

27. Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар субъектілері Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерін көрсетуден басқа қызмет түрлері жүзеге асыру кезінде табиғи монополия субъектілері қызметінің осындай түрлеріне сәйкес келетін өндірістік процестер топтарын бөледі және қызметтің осындай түрлері бойынша уәкілетті органның бөлек есеп жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттамаларын басшылыққа ала отырып, олар бойынша бөлек есепті жүзеге асырады.

4. Шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлу

28. Бөлек есепті жүргізу мақсаттары үшін шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер тікелей, жанама, бірлескен және жалпы болып бөлінеді.

29. Шығындарды бөлу және активтердің қолданысқа енгізілу дәрежесін анықтау үшін шығындар мен активтердің тиісті ӨПТ-мен және аэронавигациялық ұйым ұсынатын қызметтермен себеп-салдарлық байланысының негізінде бөлу әдіснамасы пайдаланылады. Бұл ретте шығындар мен активтердің әрбір ӨПТ бойынша ресурстармен себеп-салдарлық байланысы және осы ресурстардың табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын қызметтермен себеп-салдарлық байланысы белгіленеді.

Қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы қолданысқа енгізілген активтердің құнын бөлу негізінде бөлінеді.

30. Аэронавигациялық ұйымдар көрсететін қызметтерге шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді бөлу процесі мынадай кезеңдерден тұрады (схема – осы Қағидаларға 1-қосымша):

Шығындарды бөлудің бірінші кезеңінде жұмсалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуде пайдаланылатын ресурстарымен арасындағы тікелей және жанама байланыстарды анықтау жүргізіледі. Анықталған байланыстардың негізінде шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді аэронавигациялық ұйымның тиісті ресурстары бойынша (жанама шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді ресурстарға бөлу базасын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын ресурстардың негізгі түрлерінің тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген) топтастыру жүргізіледі. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің және ресурстардың тікелей байланыстары болған жағдайда, жүзеге асырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын осындай ресурстарға, жанама байланыстары болған жағдайда - өндірістік шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын бөлу базасының негізінде тиісті ресурстарға тікелей жатқызу жүргізіледі.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің екінші кезеңінде аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің ресурстарының негізгі өндірістік, көмекші және басқарушылық процестермен тікелей және жанама байланыстарын анықтау жүргізіледі. Анықталған байланыстардың негізінде ресурстарға топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті өндірістік процестерге (ресурстармен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді ресурстарға бөлу базасын өндірістік процестерге бөлу кезінде пайдаланылатын өндірістік процестердің үлгі тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген) жатқызу жүргізіледі. Ресурстар мен өндірістік процестердің арасында тікелей байланыстар болған жағдайда, ресурстарға топтастырылған, жүзеге асырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын тиісті өндірістік процестерге, жанама байланыстары болған жағдайда - ресурстарға топтастырылған өндірістік шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын жанама бөлу базасының негізінде тиісті өндірістік процестерге тікелей жатқызу жүргізіледі.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің үшінші кезеңінде аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің көмекші процестерінің тиісті негізгі өндірістік және басқарушылық процестермен тікелей және жанама байланыстары айқындалады. Анықталған байланыстардың негізінде көмекші процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді негізгі өндірістік және басқарушылық процестерге (көмекші процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді негізгі бөлу базасын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын тізбе осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген) тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Қосалқы процестердің негізгі өндірістік және басқарушылық процестермен тікелей байланыстары болған жағдайда, көмекші процестермен байланысты, жүзеге асырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын тиісті негізгі өндірістік және басқарушылық процестерге, жанама байланыстары болған жағдайда – көмекші процестермен байланысты жұмсалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын бөлу базасының негізінде тиісті негізгі өндірістік және басқарушылық процестерге тікелей жатқызу жүргізіледі.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің төртінші кезеңінде негізгі өндірістік процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді ӨПТ-ның сыртқы қызметтері мен элементтеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу үшін аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі өндірістік процестерінің ӨПТ-ның тиісті сыртқы қызметтермен және элементтерімен тікелей және жанама байланыстары

анықталады. Негізгі өндірістік процестердің сыртқы қызметтердің белгілі бір түрін көрсетумен тікелей байланысты болған жағдайда осындай процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер сыртқы қызметтердің тиісті түрлерінің құнына тікелей жатады. Егер негізгі өндірістік процестер сыртқы қызметтердің бірнеше түрлерін көрсетумен тікелей байланысты (жанама байланысты) болған жағдайда, осындай процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер бөлу базасын пайдаланып сыртқы қызметтердің тиісті түрлерінің құнына жатады. ӨПТ-ның элементтерін ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ететін негізгі өндірістік процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер ӨПТ-ның элементтеріне тікелей және жанама жатады. ӨПТ-ның элементтерін ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ететін негізгі өндірістік процестердің ӨПТ-ның белгілі бір элементтерімен тікелей байланыстары болған жағдайда, осындай негізгі өндірістік процестермен байланысты жұмсалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді ӨПТ-ның тиісті элементтеріне тікелей жатқызу, жанама байланыстары болған жағдайда - осындай негізгі өндірістік процестермен байланысты жұмсалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын тиісті ӨПТ элементтеріне бөлу базасының негізінде жанама бөлу жүргізіледі. Негізгі өндірістік процестермен байланысты шығындар мен активтердің бөлу базасын ӨПТ-ның қызметтері мен элементтеріне жанама бөлген кезде пайдаланылатын үлгі тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің бесінші кезеңінде басқарушылық процестері ӨПТ элементтерінің басқарушылық процестеріне (ӨПТ-ның элементтерін ұстау мен пайдалануға байланысты басқарушылық процестері) және өзге де басқарушылық процестерге бөлінеді. ӨПТ элементтерінің басқарушылық процестеріне байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер уәкілетті органмен келісілген бөлу базасын пайдаланып тиісті ӨПТ-ның элементтеріне бөлінеді.

